

**Тақырыбы: Қош келдің, әз Наурыз!**

Мақсаты: **Наурыз** мейрамы туралы түсінік беру арқылы Қазақ халқының салт – дәстүрін көрсету және оны құрметтей білуге тәрбиелеу.

Барысы: Кіріспе.

Мұғалім: - Армысыздар, ұстаздар, ата – аналар, қонақтар! Бәріміздің асыға құткен **Наурыз** тойымыз келіп жетті. Тойларыңыз құтты болсын!

**Наурыз** – «жаңа күн» деген сөз. Бұл күн – біздің ата – бабаларымыз, арғы тегіміз мындаған жылдардан бері тойлап келе жатқан жыл басы мерекесі. **Наурыз** тойымыз құтты болсын! Ұлыстың ұлы күні деп аталған **Наурызда** денсаулықтарыңыз мықты болсын, тілектеріңіз қабыл болсын!

**Сахналық көрініс.** (**Қызыр ата, Ұмай ана, Зенгі баба, Қамбар ата, Ойсыл қара, Шопан ата, Күн мен Ай, Батыр**)

**Сүйінші** **Наурыз** келді, **Наурыз** келді деп балалар шығады **Наурыз** әні шырқалады да шашу шашылады.

1 – жүргізуши: **Наурыз** – көктем мерекесі.

**Наурыз** – жыл басы.

**Наурыз** – жаңа серпін, жаңа леп.

2 - жүргізуши: **Наурыз** – қуаныш мерекесі,

Бақыт пен шаттық мерекесі.

1 - жүргізуши: **Наурыз** – шаруаның мерекесі.

**Наурыз** – еңбек мерекесі.

2 - жүргізуши: Армысыңдар, халайық,

Бармысыңдар, халайық.

**Наурыз** тойын жұп жазбай

Жылда қарсы алайық.

1 - жүргізуши: Ал, халайық, тұрмайық,

Әндетеік жырлайық!

Ортамызды ашайық,

Ырыс тілеп бұл жылға,

Жырдан шашу шашайық!

**Бастаудың оқушылары:**

Қыс өтіп қар кетті,

Жырлайық жаз жетті.

Мейрамы ежелден

Құтты болсын **Наурыз**!

Әнім де саған, биім де,

Құт қонақ өзің үйімде.

Қуаныш сыйлар еліме,

Күлімде, **Наурыз**, күлімде.

Күн менен тұн теңелді,

Жер шуаққа кенелді,

Қуанышта ел енді.

**Наурыз** келді салтимыз:

Көгерсін деп халқымыз

Көшеге тал егеді.

**Наурыз** тойы - береке,

**Наурыз** тойы – жыр – аңыз.

Мұғалім: **Наурыз** айы – Шығыс күн есебі бойынша жылдың алғашқы айы. Бұл айда жылдың алғашқы айы есебінде күн мен түн теңеледі, сол себептен **Наурыз** жыл басы болып саналады.

1 - жүргізуши: Жауқазындай жайқалған гүлдерміз біз,  
Ұтармыз біз, қолдасаңыз сіз.  
Бақыт, шаттық, көңілге арман тілеп,  
Өмірде болмасыншы ызғар мен сыз.

Ақпан кетті араз боп **Наурызбен**,  
**Наурыз** жүр жоғалған бағын ізден.  
Көктем жетті көрісіп, жанын үзген  
Қыс аттанды қоштасып тағы бізбен.  
Назгұл: **Наурызды** тәңір бізге нәсіп еткен,  
Мейірім танысын деп тасып өткен.  
**Наурыз** сән – салтанат, ұлттық рух,  
Бақытты **Наурызы** бар халқым неткен!

1 - жүргізуши: Деген еken Қазақ халқы «Сәлем – сөздің анасы,»  
Біледі оны еңкейген қарт, еңбектеген баласы.  
Амандасу – ізгіліктің, сыпайылықтың белгісі,  
Сәлем достар! Амансың ба? Қалайсың? – деп «Кел, танысайық!» атты бөлімімізді  
бастаймыз. Ортага сайыскерлерімізді шақырамыз.

Әр сынып оқушылары ұмыт болған салт дәстүрді көрсетеді.

ырқынан шығару  
ұсау кесу  
ыз ұзату  
ызға ұрын бару

Арда өсіп, адал емген ақ уызың,  
Қалдырған ғасырларға нәрлі ізін.  
Көк бөрілі байрағын желбіретіп,  
Көк түріктер тойлаған **Наурызы**.

**Наурыз** – достық, **Наурыз** – күн,  
Барша халық бірлігі.  
Тағы келді Ұлыс күн,  
Жалғасып ғалам тірлігі.

**Наурыз** тойы – береке,  
**Наурыз** тойы – жыр – аңыз.  
Қызық думан - мереке,  
Қызық думан құрамыз.

1 - жүргізуши: Сырмақ ойып, текемет, киіз басқан,  
Өнерлі шеберлер бар даңқы асқан.  
«Шеше көреген тон пішер» деген рас,  
Қыздарымыз шебер қолға араласқан, - дей отыра қыздарымыздың ою оюының кереметін

тамашалайық. Ортаға қыздарымызды шақырайық.

2 - жүргізуші: Енді ұлдарымыздың мергендігі мен шыдамдылығын анықтау мақсатында асық атып жарыстырайық. Ортаға ұлдарымызды шақырайық.

1 - жүргізуші: Көрсетті өнерлерін жаңа ғана,  
Сыналып үлкендерден үлгі алуға.  
Салты бар өнерлі осы ортада,  
Берер деп әділ – қазы әділ баға – деп, әділ – қазыларға сөз кезегін береміз.

2 - жүргізуші: Келер күнге бар үмітті табынтып,  
Бар халықты қуантатын бұл қай кез?

Хормен: **Наурыз!**  
1 - жүргізуші: Шашу! Шашу!  
Көп шашайық шашуды,  
Жауғандай кеп аспаннан нөсер жаңбыр.  
Уа, жамағат, теріп ал несібінді,  
Ризығың болсын көл – көсір!

2 - жүргізуші: Қашанда құт – береке орнасын деп,  
Тойларда шашу шашу - салты елімнің.  
Уа, халайық! Теріп ал несібінді,  
Қабыл болсын, жамағат, ақ тілеуің!